



**Қызылорда облысы, Қазалы
қаласы,
№16 орта мектебінің
I санатты география пәні мұғалімі:
Өтепбергенов Рахымжан**

Тақырыбы: Ауа райы және климат

6 сынып сыныбы

Жалпы мақсаты:

Ауа райы және климат , ауадағы су буы, бұлттар, атмосфералық жауын-шашын жайлы толық мағлұмат алады.

Күтілетін нәтиже:

Ауа райы және климат , ауа райын болжау, климат картасын оқуды ажырата алады.

Сыни тұрғыдан ойлануға үйренеді, оқуға ынталанады.

Өзгенің пікірін тыңдап, өз пікірін дәлелдеуге үйренеді.

***Сынып оқушыларына жағымды ахуал
туғызу.***

***Топтарға бөлу. (Ауа райының шартты
белгілері арқылы бөлу)***

- Оқушылар шартты белгілер***
- (ашық аспан, жартылай бұлтты және
бұлттылық) арқылы үш топқа бөлініп
өз үстелдерінің басына жиналады***

• **Үй тапсырмасын сұрау**

• «Миға шабуыл» сұрақтар қою

• **1- тапсырма**

• *1. Судың неше күйі бер?*

• *2. Қаныққан ауа мен қанықпаған ауаның айырмашылығы неде?*

• *3. Салыстырмалы ылғалдылық дегеніміз....?*

• *4. Салыстырмалы ылғалдылықты өлшейтін құрал?*

• *5. Пішініне қарай бұлттардың неше түрі бар? 6. Будақ бұлттар дегеніміз?*

• *7. Ауа райын кімдер зерттейді?*

Ой қозғау

- *Ауарайы туралы не білеміз?*
- *Бүгінгі тақырып не туралы болуы мүмкін деп ойлайсыңдар?*
- *Сабақ мақсаты не деп ойлайсыңдар?*

II. Топтық жұмыс тапсырмалары

Ауа райы және климат

I топ: Ауа райы.

II топ: Ауа райын болжау.

III. Климат.

Ауа райы дегеніміз - атмосфераның төменгі жер бетіне жақын қабатындағы белгілі уақыттағы жай-күйі .





Климат дегеніміз – ауа райының белгілі бір жерге тән және үнемі қайталанып отыратын жай-күйі





*Ауа райының элементтері: атмосфералық қысым,
температура ылғалдығы жатады.*

*Ауа райың құбылыстарына: тұман, бұлт, жел,
жауын жатады.*

**Тропосфераның бір-бірінен қасиеті
(температурасы, мөлдірлігі, ылғалдылығы)
жөнінен ерекшелік жасайтын үлкен бөлігі ауа
массалары деп аталады**

**Ауа массаларының қасиеті ең алдымен олардың
белдеулік орнына байланысты. Пайда болатын
ендіктеріне қарай әр жарты шарда 4 түрлі негізгі
ауа массасы ажыратылады.**

- 1. Экваторлық ауа: ыстық, ылғалды***
 - 2. Тропиктік ауа: ыстық, құрғақ***
 - 3. Қоңыржай ауа: жылы, ылғалды***
 - 4. Арктикалық немесе антарктикалық ауа:
салқын, құрғақ***
- Түрі бойынша: Теңіздік Континенттік***

Ауа райын зерттеу әдістері:

- Бақылау*
- Метеорологиялық Жер серіктері*
- Жергілікті белгілер*

Метеорология - атмосфералық құбылыстар мен ауа райы картасын жасаумен айналысатын ғылым.

III. Дәптермен жұмыс.

- *Шартты белгілер арқылы әңгіме құрастыру:*

- *Қандай күні* 

Жел қай бағыттан соқты 

Не жауды ...

қайтадан не болды  *артынан не түсті* 

соңында 


*Формативті бағалау. «Бағдаршам»
«Өзін-өзі және топтағы мүшелерді бағалау»*

III. Дәптермен жұмыс.

**Венн диаграммасы арқылы ауа райы мен
климаттың ұқсастығы мен айырмашылығын
көрсетіңдер**

Ауа райы

Климат



***Сергіту сәті «Ұлытау тобы»
«Жұмыр-қылыш» биі***

ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС

Кестені толтыру.

Ауа райының элементтері	Ауа райы құбылыстары.

Бағалау парағы арқылы бағалау

Рефлексия, кері байланыс

Сабактан алған әсері мен ұсынысын жазады.

Екі жұлдыз ,бір тілек.

**2.Үйге тап-ма: 6 қосымшадағы
шартты белгілерді дәптерлеріңе түсіріп,
жаттап келу
§ 29, § 30 оқу**